

Қ.А Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ –Түрік универстиеті

Инфекциялық аурулардан өлгендерді зертеу әдістері

Орындаған: Әмірәлі Д

Қабылдаған: Жұманазаров Н.А


Тобы: ЖМ -320х

Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- *Инфекциялық аурулардан өлгендерді тексеру әдістері*
- *Арнайы зерттеулерге мүрдеден материалдар алу тәсілдері*
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер
-


Кіріспе

- Жедел инфекциядан өлген адамдар патанатомиялық диагнозы — жарып көру (аутопсия), гистологиялық, бактериологиялық және де басқа зерттеулер нәтижесінде аурудың клиникалық барысымен салыстыру арқылы негізделуі тиісті. Ол тіпті патанатомиялық өзгерістерді өздеріне өте тән сырқаттар болса да, себебін табу үшін (себепші диагноз) патологиялық, бактериологиялық, серологиялық, керек болса вирусологиялық, қосымша лабораториялық, жанураға ауруды егу қажеттілігін талап етеді. Сырқаттан қайтыс болған адамдар мүрдесін эпидемияға қарсы арнаулы шараларды сақтап ашу шарт.



Негізгі бөлім

- Ашып-көру алдында әсіресе ол аса қауіші ауру немесе соған күмәнді тобына жатса, онда 2-3 шелектей залалдатқыш сұйықтар дайындау, су шашыратқыш, ол құрал-саймандарды және киімдерді ертінді суға қанықтыру қажет. Есік алдында легенмен немесе шұңғыл ыдыспен сұйықтық қояды немесе борпылдақ резинка, болмаса шылқыта ертінді су құйылған мата төселеді. Ал есіктің тұтқасын залалдатқыш қаныққан шүберекпен орайды.



- Мүрдеханаларда еденді, төбені, қабырғаларды, ж.т. б. жәндіктер, тасымалдаушылардан сақтану үшін (шыбыш, бүрге, тарақан) су шашқан немесе эмульсияларды немесе 10% дихлорофос, гексохлоран баллондардан шашамыз.

Аса қауіпті инфекциядан сақтану шараларын ұйымдастыру және қолдану қажеттілігі, мүрдені зерттеу ерекшелігі.

- Ол үшін костюм, халат, сыртынан ұзын халат киіледі, білезік тұсынан байланады. Оның сыртынан су өтпейтін және жақсы залалданатын нәрселерден жасалған алжапқыш, содан кейін анатомиялық колғап, олар халаттың сыртына киіледі. Басқа қалпақ немесе орамал байланады, көзді әдейі ұшқыштар көзілдірігіне ұқсас әйнек көзілдірік — көзді қорғайды, аяққа резинка етік немесе терең колош киілуі шарт. (1 типті костюм).

- ✓ Өлікті ашу құралдары, секциялық сайман - әрбір аутопсиядан кейін қайнатылып немесе сұйыққа салынып (2-3%) лизолға ең кемі 2 сағатқа залалдандырады.
- ✓ Мүрдені ашып болып, оны және прозектураны жуып- шайып жинап киімдерін белгілі ретпен шешіп, барлығын да залалдатқыш сұйыққа 3 сағатқа салынады, ал өздері душ қабылдап тазаланады.
- ✓ Мүрдені ашып болғаннан кейін оған қатысты адамдар 9 күндік бақылауда болады.

- Инфекция сырқатында мүрде жарудың Абрикосов тәсілі қолайлы. Өте жұқпалы сырқаттан қайтыс болған адамдардан мүрделерін ашып көрудің бір ерекшелігі оны орнында қарап, сонда тілу (оба, сібір жарасы, күл) ұсынылған. Қан және басқа сұйықтар мүрденің ішкі қуысында жиналып, қоршаған заттардың залалдану деңгейінің қауіпі азаяды.

- Мүрде ашылып қаралғаннан кейін оны жуып-шайып мәпелеу жолдары залалдатқыш сұйықтарды кеңінен пайдалану арқылы іске асады. Мүрде ішіне сөндірілмеген немесе хлорлы әк (известь) салынады. Мүрдені матаға орап табытқа салады, түбіне қалыңдығы 7-10 см әк мүрдеге қосымша салынады, шегеленеді, жіктері смоламен нықтап жағылып, ортаға зиянсыздықижағдай жасайды, табыт сырты темірден қапталса тіпті жақсы, болмаса ағаш табыттың ішінен клеенкамен қаптау жөн. Табыт жабылғаннан кейін оның сыртын 5% лизолмен канықтырады. Мүрде жерленуге туғандарына берілмейді.

- Өлікті жерлеу емдеу мекеменің ісі, оған арнайы көлік, адамдар бөлінеді, олар чумадан сақтану киімдерінде жұмыс жасайды. Обада толық түрімен, басқа инфекцияда жеңілдеу түрімен.
- Жерленгеннен кейін киімдерге, көлікке толық ылғалды дезинфекция жүргізіледі. Обадан және оған күмәнді өліктерді минерализациялау өте тиімді өдіс.

Арнайы зерттеулерге мүрдеден материалдар алу тәсілдері

- Ашып-көру барысында зақымды тіннен, мүшеден өткір пышақпен өзгеріссіз аймақты да қоса алынады (төмпешік, жара ісік, тыртық т. б.). Алынған кеспелерді сақтау үшін формалинге салынып қатайтылады. Формалин құбыр суында дайындалады. Нейтральды формалин қышқыл формалиннен әлдеқайда артық. Оны 100 мл формалинге 10 гр бор немесе магний карбонат қосу арқылы дайындауға болады. Суға ертілген қоспаны 1-2 күн тұндырып жұмысқа пайдалануға болады.

- Формалинмен қатайту тәжірибесінде қолданатын көптеген гистологиялық зерттеулер әдісін пайдалануға жол ашады. Осымен қатар кеспелер формалинге көп уақыттар жатады және оны қандай қашықтыққа да апаруға жағдай туғызады (формалиннің әлсіз сұйығын пайдалану дұрыс).

Қорытынды

- Ол үшін костюм, халат, сыртынан ұзын халат киіледі, білезік тұсынан байланады. Оның сыртынан су өтпейтін және жақсы залалданатын нәрселерден жасалған алжапқыш, содан кейін анатомиялық колғап, олар халаттың сыртына киіледі. Басқа қалпақ немесе орамал байланады, көзді әдейі ұшқыштар көзілдірігіне ұқсас әйнек көзілдірік — көзді қорғайды, аяққа резинка етік немесе терең колош киілуі шарт. (1 типті костюм). Прозектор және оның көмекшісі осы аталған арнайы қорғаныш (обадан сақтандырғыш) киім киеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Ж.Б.Ахметов Патологиялық анатомия Алматы 2004
- Г.С.Ахметқалиев Клиникалық морфологияға кіріспе Ақтөбе 1999
- Ә.А.Идрисов, А.Қ.Қайназаров, Ы.А.Алмабаев Клиникалық анатомия Алматы 2009
- Google.kz
-